



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

IPO: Бір акция - 8 406 теңге

Қор нарығы үшін ғана емес, қоғам үшін де маңызды халықтық IPO-ның басталуына да санаулы күндер қалды. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы өзіне тиесілі 551 698 745 акцияның 30 505 974 жай акциясын жаппай жария сатылымға шығармақ. Бір акцияның бағасы – 8 406 теңге.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарма төрағасы Алмасадан Сәтқалиевтің айтуынша, IPO-ға шығарылаын деп отырған акция, компанияның бүкіл акциясының 5 пайызын құрайды.

«Қалған акциялар қазіргі уақытта Қазақстан Ұлттық банкіне тиесілі. Осылайша, IPO-ның нәтижелері бойынша қор кем дегенде 85 пайыз акцияларға иелік етуді жалғастырады. Ұсыныстың шеңберінде бір акцияның бағасы ша-

ына 20 жыл толды. Қазірдің өзінде компания корпоративтік басқару мен ашықтықтың ең жоғары стандарттарына сәйкес келеді. Өзінің еурооблигацияларының шығарылымдары арқылы халықаралық және қазақстандық бағалы қағаздар нарықтарында кеңінен танымал. Үкімет пен қордың «ҚазМұнайГаз» акцияларының бір бөлігін еркін нарықта сату туралы шешімі әлеуетті инвесторларға компанияның акцияларын сатып алуға мүмкіндік береді, Қазақстандағы бағалы қағаздар және қор биржалары нарығының дамуына ықпал етеді. Біз өз тарапымыздан инвесторларымыз үшін тартымды болуы және олардың инвестициялық портфельдерінде лайықты орын алуы үшін бар күшімізді



Президент Shell компаниясының басшылығымен кездесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Shell plc компаниясының бас атқарушы директоры Бен ван Берденмен және газ, ЖЭК, энергетика салаларындағы кешенді шешімдер бөлімшесінің директоры Уэль Сауанмен кездесті, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың ресми сайтына сілтеме жасап.

Кездесу барысында мұнай-газ және энергетика секторларындағы ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды. Тараптар Қарашығанақ және Қашаған кен орындарын одан әрі игеру мәселесіне ерекше назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жақын арада қызметінен босайтын Бен ван Берденге Қазақстанның мұнай-газ саласын дамытуға қосқан

үлесі үшін алғыс айтты. Сондай-ақ аталған компанияның басшылығына келетін Уэль Сауанға табыс тіледі. Президент оның қызметі елімізбен өзара тиімді серіктестікті дамытуға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Кездесу соңында Президент мұнай-газ өнеркәсібін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Бен ван Берденді II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



мамен 5,1 трлн теңге мөлшерінде капиталдандыруды болжай отырып, бір акция үшін 8 406 теңгені құрайды. Инвесторлардың өтінімдерін қабылдау 2022 жылдың 9 қарашасында басталып, институционалдық инвесторлар үшін 2022 жылдың 30 қарашасында, ал бөлшек инвесторлар үшін 2022 жылдың 2 желтоқсанында аяқталады», деді қор төрағасы.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев компанияның жетістіктерін айта келе, қай тұрғыдан алғанда да IPO-ға шығуға лайықпыз деген емеурінді жеткізді.

«ҚазМұнайГаз» көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және сервистік қызметтер көрсетуге дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады, сондай-ақ мұнай-газ саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысады. Компания елдегі мұнай мен газ конденсатын өндіруде 25 пайыз, тасымалдауда 56 пайыз және мұнай өңдеуде 82 пайызды қамтиды. Шоғырландырылған активтеріміз 15 трлн теңгеден асты. Биыл «ҚазМұнайГаздың» құрылған-

саламыз», деді компания басшысы.

Жоспарланып отырған IPO Үкімет бекіткен Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру аясында өткізіледі. Қор AIX және KASE қағидалары мен ережелеріне сәйкес қазақстандық және халықаралық бөлшек және институционалдық инвесторларға AIX қазақстандық алаңдарында және Қазақстандық қор биржасында (KASE) акциялар ұсынуға ниетті.

«KMG» сауда коды (тикері) бар AIX-тің ресми тізіміне акциялар 2022 жылғы 7 желтоқсанда енгізіледі, ал AIX-те сауда-саттыққа рұқсат 2022 жылғы 8 желтоқсаннан бастап берілмек. «ҚазМұнайГаздың» жай акциялары «KMGZ» сауда коды бар KASE листингіне енгізілген.

Инвесторлардың өтінімдерін қабылдау 2022 жылғы 9 қарашада сағат 12:00-де басталады және институционалдық инвесторлар үшін 2022 жылғы 30 қарашада сағат 18:00-де, ал бөлшек инвесторлар үшін 2022 жылғы 2 желтоқсанда сағат 15:00-де аяқталады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

123 мұғалім «Үздік педагог» атағына үміткер



Биыл «Үздік педагог» атағына 123 мұғалім үміткер. Олар байқауға қатысқан 5,5 мың педагогтің арасынан іріктеліп алынды. Конкурс қорытындысы бойынша барлығы 64 жеңімпаз анықталады, деп хабарлайды Egemen.kz. Оқу-ағарту министрлігіне сілтеме жасап.

Ведомство хабарлағандай, биылғы байқаудың барлық кезеңі толығымен цифрландырылған. Соның арқасында республика бойынша барлығы 5,5 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Бұл - бұрын болмаған рекордтық көрсеткіш.

Қазір байқаудың ақтық сынына балабақшалар мен мектептердің 103 мұғалімі,

колледждердің 20 мұғалімі қатысып жатыр. Олар аудандық, қалалық және облыстық кезеңдердің қорытындысы бойынша ұсынылған.

«Биыл алғаш рет өтінімдерді қабылдау, тіркеу, конкурс құжаттарын тапсыру, бағалау және апелляция беру teachercontest.iac.kz порталында жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ өтінім берілген сәттен бастап барша үміткер онлайн режимде байқаудың барлық динамикасын бақылау мүмкіндігіне ие болды. Яғни қатысушылар қай кезеңде, оларға сарапшылар қандай ұпай берді және т.б. бақылай алды. Биылдың тағы бір жаңалығы – әріптестеріміз конкурс комиссиясы бағалайтын ашық сабақтар өткізеді. Жүлде қорын да көбейттік. Осындай шаралардың арқасында қатысушылар саны ғана емес, олардың сапалық құрамы да артып келеді», деді Оқу-ағарту министрлігіне қарасты Орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова.

Айта кетсек, «Үздік педагог» республикалық конкурсы 2012 жылдан бері өткізіліп келе жатыр. Осы уақыт аралығында мектепке дейінгі және орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 600-ге жуық мұғалімі «Үздік педагог» атағына ие болды.

20 қараша 2022 ✓

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНДЕРІНЕ ЕНГІЗУ

Сайлаушылар тізіміне тұрғылықты жері бойынша тіркелген ҚР азаматтары енгізіледі

Сайлаушы өзінің болатын жері бойынша учаске тізіміне енгізу жөнінде әкімдікке өтініш беруге құқылы

Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне ене алады

Сайлаушылар тізімінде бар-жоғын тексеріп немесе тізімге енгізу үшін қайда жүгіну қажет екенін әкімдіктің сайтында немесе жергілікті атқарушы органның Call-орталығына қоңырау шалу арқылы тексеруге болады

2022 жылғы 4 қарашадан бастап азаматтарды дауыс беру орны туралы хабардар ету ұйымдастырылады

ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

20 қараша 2022 ✓

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫНДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

Сайлау учаскесінде осы учаскенің тізіміне енгізілген азаматтар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар дауыс бере алады

Әр сайлаушы жеке өзі дауыс береді

Сайлау бюллетені жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде де беріледі

Азамат сайлау бюллетенін дауыс беруге арналған кабинада толтырады. Өзі дауыс беретін кандидат тегінің оң жағындағы бос шаршының ішіне белгі қояды немесе «Бәріне қарсымын» жолындағы шаршыға

Бюллетеньдерді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға хақылы

Толтырылған бюллетень сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады

ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

20 қараша 2022 ✓

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕГІ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Әрбір азамат өзі туралы деректерді тексеруге құқылы

Сайлау учаскелерінде сайлаушылар дауыс беру күніне 15 күн қалғанда сайлаушылар тізіміне өздері туралы енгізілген деректердің дұрыстығымен таныса алады

Сайлаушылар тізіміне түзетулер енгізу немесе сайлаушылар тізіміне енгізу қажеттігі туралы өтініштерді сайлау комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды

Мақұлданбаған жағдайда азаматқа дәлелді шешімнің көшірмесі кешіктірмей беріледі

20 қараша 2022 ✓

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

ПРЕЗИДЕНТТІККЕ КАНДИДАТТЫ ҚОЛДАУҒА ҚОЛ ЖИНАУ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

Кандидатты қолдау қол жинау арқылы расталады

Кандидатты жалпы санының кем дегенде 1% қолдауға тиіс

СЕНІМ БІЛДІРГЕН АДАМ:

Тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін көрсетуі тиіс

Қол жинауды ұйымдастырады

2

5 күн ішінде қойылған қолдардың шын екендігін

Қол жинау жүргізілген өңірдің аумақтық сайлау

Заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы

Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 305-бабына сәйкес, сот азаматтардың немесе заңды тұлғалардың жеке не мүлкілік құқықтарының туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына байланысты болатын фактілерді анықтайды. Сондай-ақ АПК-нің 306-бабына сәйкес, сотарыз берушінің заңдық маңызы бар фактілерді куәландыратын тиісті құжаттарды өзге тәртіппен алуы мүмкін болмаған кезде не жоғалған құжаттарды қалпына келтіруі мүмкін болмаған кезде осы фактілерді анықтайды. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңының 14-бабы 2-тармағына сәйкес, еңбек кітапшасы болмаған кезінде немесе тиісті жазулары болмағанда жұмыс туралы мәліметтердің немесе сот шешімінің негізінде белгіленеді. Жалпы сот тәжірибесінде көбінесе сотқа еңбек қатынастары бойынша фактілерді анықтау туралы арыздарды зейнеткерлер не зейнеткерлік алдындағы жастағы адамдар береді. Арыз берушілер арызында зейнетақы тағайындау кезінде еңбек кітапшасындағы деректеріндегі тегі, аты, әкесінің атында айырмашылықтар орын алғаны, еңбек кітапшаларында өзгертулер болғаны, сондай-ақ белгілі бір ұйымда еңбек қызметі туралы жазулары болмағаны жөнінде көрсетеді. Атап айтқанда, бұрын болған совхоз, колхоз және басқа да КСРО кезіндегі мекемелердің таратылып кетіп, олардың құжаттары мұрағаттарға тапсырылмағаны немесе мұрағаттарда болған құжаттардың өрт, су тасқыны және тағыда басқа жағдайларда жойылғаны бойынша мәліметтер. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 131-бабы 4-бөлігіне сай, еліміздің тікелей себебі анықталмаған кезде патологиялық-анатомиялық диагностика жұбайының (зайыбының) немесе жақын туыстарының бірінің немесе заңды өкілінің жазбаша келісімі болған кезде жүзеге асырылады. Түркістан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 1 қарашадағы № 43/466-VI шешімімен бекітілген «Түркістан облысында жерлеу және қабірлерді қарап-күту ісін ұйымдастыру қағидасының» 4-тармағына сай, жерлеу зират қорымының әкімшілігіне қайтыс болу фактісін тіркейтін органдар берген қайтыс болу туралы куәлік ұсынылғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі. Қазіргі таңда мәйітті жерлеу қайтыс болу фактісін тіркейтін органдар берген қайтыс болу туралы куәлік ұсынылмастан, жергілікті атқарушы органдары тарапынан оған рұқсат беріліп жататыны барлығымызға мәлім. Қайтыс болуы жөніндегі заңдық маңызы бар фактіні анықтаудың бірден-бір себебі, ол азаматтардың қайтыс болу туралы медициналық куәліктерді ала алмауы болып танылады. Жалпы тәжірибеде медицина ұйымдарының қызметкерлері, егер науқас диспансерлік есепте тұрмаса, үйінде жатып кенеттен қайтыс болса, сондай-ақ педиатр-анатомдық қарау жүргізілмеген азаматтардың қайтыс болуы бойынша медициналық анықтама беруден бас тартып жатады. Бас тартудың себебі ретінде, қайтыс болу туралы медициналық куәліктің бекітілген - 045 нысанындағы диагнозы болмауын негізге алады. Сондықтан аталған негізге сәйкес диагнозы анықталмаған тұлғаға анықтама бере алмайтындарын түсіндіреді. Алайда, медицина қызметкерлері аталған анықтаманы беру кезінде қандайда бір заңға немесе өзге де нормативтік-құқықтық актіге сілтеме жасамайды. Көбінесе азаматтар қайтыс болған туыстарын діни, ұлттық наным-сенімдеріне сәйкес патологиялық қарауға беруден бас тартып жатады. Осыған орай, туыстарының рұқсатынсыз мәйітті патологиялық қарауға беруге мүмкіндік болмайды. Түркістан облысының Түркістан қаласында бірнеше ауданға жұмыс жасап жатқан жалғыз патологиялық-анатомиялық диагностикалық орталығы орналасқан. Облыс орталығынан шалғай орналасқан ауылдардан мәйітті аталған орталыққа апару, оны қайта алып қайту азаматтарға оңай соқпайды. Бұл ретте, аудан орталықтарында патологиялық-анатомиялық болмауы қайтыс болған азаматтардың туыстарын мәйітті патологиялық қарауға беріп, дер кезінде қайтыс болу туралы медициналық куәлігін алуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан, әрбір аудан орталығында арнайы патологиялық-анатомиялық орталық ашылу қажет деп есептеймін.

А.ДӘУРЕНБЕКОВ,
Созақ аудандық сотының төрағасы.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында әскерге шақырушылардың құрметіне «Айбынды жастар-Жаңа Қазақстан тірегі!» атты акция негізінде азаматтарды салтанатты түрде мерзімді әскерге шығарып салу рәсімі өтті. Салтанатты шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, Түркістан облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының тәрбие жөніндегі орынбасары, подполковник Жандос Күдербаев, мекеме, бөлім басшылары мен Қарулы Күштер ардагерлері және әскери қызметшілер мен аудан жастары қатысты. Аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков болашақ сарбаздарға деген тілегін жеткізді.

- Әскерге шақырылушылар



Әскерге шығарып салу шарасы өтті

мен әскери қызметшілер, сіздерді биыл Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толу мерекесімен құттықтаймын! Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы борышын өтеу әрбір Қазақстан Республикасы азаматының міндеті. Себебі, туған елді, жерді қорғау-қасиетті борыш. Бүгін міне, Отан алдындағы борышын өтеуге ауданның 10 азаматы аттанғалы отыр. Әскери борышты өтеу – сіздер үшін

үлкен сын. Сол сыннан сүрінбей, ел қауіпсіздігі үшін қызмет етіп, абыроймен оралатындарыңызға сенім мол, - деді аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков.

Сондай-ақ, әскерге аттанғалы отырған азаматтарға сыйсияпат тапсырды. Сонымен қатар, Түркістан облысы қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының тәрбие жөніндегі орынбасары, подполковник Жандос Күлдербаев құттықтау сөз сөйлеп, патриоттық жұмыстар мен әскери сай-

ыстарды Созақ ауданы жоғарғы деңгейде атқарып келетінін жеткізіп, өз алғысын білдірді. Қарулы Күштер ардагері, запастағы подполковник Есжан Тұрғанбаев та жас сарбаздарға деген ыстық ықыласын білдірді.

Салтанатты жиынға әскери ардагерлер мен ауыл жастары да қатысып, жас сарбаздарға сәт-сапар тілеп, арнайы концерттік бағдарлама көрсетілді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Сайлау-2022

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ІЛГЕРІЛЕГЕНІН КӨРСЕТЕТІН СЫНАҚ

Елімізде үлкен саяси науқан жүріп жатыр. Барша қазақстандықтар үшін бұл үлкен жауапкершілік. 20 қараша күні өз Президентімізді сайлаймыз.

Сайлауға қатысу- әрбіріміздің азаматтық борышымыз. Еліміздің өркендетті жарқын болашағы үшін, әрбір қазақстандық бұл сайлауға бей-жай қарамауы тиіс. «Сайлау менсіз де

өтеді» деген жаңсақ пікірден алшақ болайық дегім келеді. Қоғамда дұрыс идеология қалыптастыру үшін, әрбір жеке тұлғада ұлттық рух, сенімді сауатты пікір, Отанға деген патриоттық, азаматтық көзқарас қалыптасқаны абзал.

Жаңа Қазақстанды, Әділетті Қазақстанды құру - сіз бен біздің дұрыс таңдау жасауы-

мызда. Ел болып бірігіп, еліміздің дамуына ат салысып, жарқын болашағына нық сеніммен қадам басайық.

Президент сайлауында бір кісідей азаматтық белсенділік танытайық!

Нұржамал МАЙУСОВА,
аудандық мәслихаттың депутаты.

Ел келешегі Президент сайлауында

Елімізде биыл қазақстандықтар өз Президентін сайлайды. Президент сайлауы – тек Мемлекет басшысын ғана таңдау емес, бұл – ел болашағы үшін де жасалатын маңызды қадам. Сол себепті саяси маңызы зор шараға қатысу, жауапкершілік таныту - әрбір азаматтың құқығы әрі парызы.

Қазіргі таңда Орталық сайлау комиссиясы ҚР Президенті сайлауында бақ сынайтын 6 үміткерді толық мақұлдады. Олар қазір өз бағдарламаларын дайындауда. Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары 21 қазан күні сағат 18:00-ден басталып, 18 қараша күні сағат 24:00-ге дейін жалғасады. 19 қараша тыныштық күніне

ұласып, 20 қараша сайлау басталады. Дәл осы аса маңызды күнде отандастарымды белсенділік танытуға шақырамын.

Жаңа Қазақстанның қалыптасуына, қоғамның өзгеруіне әрбіріміз жауаптымыз.

Бұл сайлау елімізге жаңа серпін әкеліп қана қоймай, болашаққа нық қадам жасауға үлкен мүмкіндік бермек. Әлеуметтік жағдайымыз тұрақты, экономикамыз қарқын алған заманда ертеңгі болашаққа сеніммен қарайтын әрбір азамат сайлаудан қалыс қалмауы тиіс. Сонымен қатар, халық және партиялардың арасынан саяси аренаға шыққысы келетін үміткерлер конституциялық реформалардың тиімді тұстарын пайдаланып, жүзеге

асыруға мүмкіндіктер алып, ҚР Үкіметінің жаңарған құрамы жасақталады.

Осы өзгерістердің нәтижесінде алдымыздағы жылдың орта шенінде еліміздегі Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың барлығы жаңаруы тиіс.

Президент сайлауы біздің еліміздің бірлігі мен тұтастығының, азаматтық қоғамның айнасын айшықтайтын күн. Сондықтан, Тәуелсіздігіміз тұғырлы һәм баянды болуын қаласақ, Президент сайлауына белсенді түрде қатысайық.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
«Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы.


Абыз Әбіш Кекілбайұлының ана бір жылы оңтүстіктің қасиетті орындарына ат басын бұрып, «жарты ғасырдай қап түбінде шашылып жатқан аруақтардың сүйегін Әзірет Сұлтандағы киелі орнына қайта қойып, Қаратауды қақ жарып өтіп, ескі кеніштерді ерінбей аралап, сүлдерім құрып келе жатсам, Торланның аузынан тағы да Қуаныш тосын алды», – деп жазғаны бар.

Қуаныш деп отырғаны – Созақ ауданының сол кездегі әкімі Қуаныш Айтаханұлы еді. «Тағы да» дегені – өткен ғасырдың сексенінші жылдарының басында оңтүстікте қазақ әдебиетінің күндері өтіп, қаламгерлер Шардара өңірінде болған кезінде, өздерін қарсы алып, аудан тіршілігімен таныстырушылар арасында, аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, жасы отыздан енді ғана асқан, «ойы орнықты, сөзі жүйелі екендігі білініп тұрған осы томаға көз, аққұба жігіт» бірден Әбекеңдей жазушының назарына алғаш рет іліккен екен. Сол бастапқы таныстықтан бері біраз жыл өткенде, олар XII шақырылған Жоғарғы кеңесте тағы кездескен. Бұл кезде Арыс аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінде жүрген Қуаныш кәдімгідей көшелі азамат болып кемелдене түсіпті. Осыған дейін де қамшы салдырмас іскерлігімен біршама мәлім болып қалған ол, енді депутаттық қызметінде де ел тағдыры үшін маңызы зор заң жобаларын қабылдауға біліктілікпен белсене араласып кетеді. Солардың қатарында, әлбетте, 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ Республикасының Мемлекеттік Егемендігі декларациясының, сондай-ақ араға бір жыл екі айға жетер-жетпес уақыт салып, 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданғанының өзі айрықша рухты оқиғалар болып еді-ау...

Енді міне, біраздан көзтаным сол Қуаныш заңғар жазушыны Созақ ауданының әкімі ретінде қарсы алған еді. Соның алдында ғана аса қатал қыстың зардабына ұшырап, қиын шақтарды бастан өткерген Созақ өңірінің жағдайы енді-енді оңғарылуға бет алған шақ екен. Қуаныш осы ауданға әкім болып тағайындалысымен, шұғыл қолға алған әбжіл ұйымдастырушылық шаралардың арқасында ғана елдің ахуалы шамалап түзеле бастапты. Әбекең аудан әкімімен бірге көне тарихи орындарды аралап, Көсегенің көк жонына жеткенше әңгімелесу барысында алдағы уақытта өңірді іргелі өзгерістердің күтіп тұрғанын айқын аңғарған. Қуаныш та сонда жазушымен қоштасып тұрып: «Бұл жолы еңсеңіз түсіп бара жатыр. Ендігі келгеніңізде, қара да тұрыңыз, бұдан басқаша болады», деген екен.

«Иә, содан қарадық та тұрдық», деп жазады Әбекең. – «Расында да Созақ өзгере бастады, төсегінен жаңа тұрған келіндей бойын түзеді. Халықтың да өңіне күлкі жүгірді».

Содан Әбіш ағамыз 2002 жылы, Мемлекеттік хатшы кезінде оңтүстікке барған кезекті іссапары барысында көне Сайрамға ат басын бұрады ғой. «Сайрамға келсек, Қуаныш алдымызда тағы да тұр. Түркістаннан бастап жағалай әулие ғой. Сол жағалай әулиенің шырағын маздататын шырақшы



Маздақ

Айтаханов болғаны ма? Көрісіп жатып: «Енді Сайрамның шырағын жақ деп сені жіберді ме?!» – десем, Қуаныш көң-көң күледі. Содан шашылып жатқан «сансыз бабты» араладық. Оңаша жатқан Ыбырайым бабты көріп, қасындағы төбенің басына шықтық. Бір кезде жан-жақтағы бәрін түгел көрсететін зәулім биік шөге-шөге әбден отырыпты. Бауырындағы майда топырақты Сайрамның қалың жұрты қазып ала-ала, ертеде билер жайғасатын тақия төбешіктер ғана қалыпты. Бір кезде ел-жұрт жылына екі рет, көктемде-күзде жиылып, мәслихат өтетін Мәртөбе осы. Дала Парламенті».

Кемеңгер қаламгердің қазақ тарихының гауһары Мәртөбе туралы, осы жерде Қазақ хандығының алғашқы хандық, құқықтық жосықтары қамтамасыз етілгені, үш тараптан келген үш жүздің ұлықтарымен әр рудың көші-қоны, қонысы мен жайлауы, сағалайтын суы, баратын өрісі пысықталып отырғаны, жан-жақтан төнуі мүмкін жаугершіліктер мен қысымшылықтарға қарсы жасалатын қам-қарекеттердің ұлы жобасы келісіп-пішілгені, мұнда ең соңғы құрылтайды Тәуке ханның өткізгені жайындағы ағыл-тегіл әңгімесі Әбекеңнің жанында жүрген облыс әкімі Бердібек Сапарбаев пен аудан әкімі Қуаныш Айтаханұлы екеуін дүр сілкіндіріпті. «Ендеше, бұл орынды жаңаламаймыз ба?!», десіпті олар. Содан дегендерінде тұрған. Сол жылғы тамыздың өзінде «Мәртөбе» тарихи-танымдық кешені дайын болып, қыркүйек айында онда еңбек ардагерлері, зиялы қауым, Парламент депутаттары, облыс, аудан әкімдерінің басын қосқан ұрпақтар сабақтасығына байланысты үлкен жиын өтіпті...

Қай шаруаны да тастай қатыратын Қуаныш пен абыз қаламгер Әбекеңнің жолы одан кейін Парламент Сенаты қабырғасында түйіскен. Өмірде көргені көп,

түйгені мол, оңтүстіктің бірнеше ауданын басқарған зейінді азаматтың 2005 жылы Сенат төрінен саңқылдай шыққан өткір депутаттық сауалдары, қоғамның сан алуан саласына қатысты ойлары, ел экономикасын өркендетудің ділгір түйткілдері, ауыл халқының қамы, ұлт мүддесі мен тіл саясатына қатысты мәселелерді қозғауы да заңғар жазушының көңілінен әбден шығады. Қуаныш туралы «Маздай түс, шамшырақ! Айта түс, азамат!» деген жүрекжарды пікірін білдіреді.

Оның үстіне екі отбасы депутаттар үйінің бір кіреберісінде сегіз жылдай көрші боп тұрды. Бұл жөнінде Қуаныштың өзі: «Ұлы адамдар қарапайым келеді» дейді ғой. Әбекең де сондай қарапайым еді. Бәрімізге, келіндерге, балаларға, немерелерге кездесе қалып сәлемдесе, «ой, айналайындар» деп еміренетін. Әңгімелесе отырып бір шешілсе, сөзді терең тарихтан толғап, жер қойнауынан буырқанып, атқылап жатқан бұлақтай кесіле сөйлеп, ағылушы еді. Осындай парасаты биік періште адаммен қатар жүргеніміз, сыйлас болғанымыз, аға-іні, қоңсы боп араласқанымызды ең үлкен бақыт деп есептейміз», дейді.

Әлбетте, Әбекеңдей дана қаламгермен жақын араласу, әуелден әдебиет пен тарихқа ынтық Қуанышты ерекше жауһар әсерлерге кенелткені анық. Осы орайда оның мектепте жүрген кезінің өзінен әдебиетке жақын болғаны еске түсер еді. Ежелгі Отырат шұратының бір пұшпағында жатқан Сталинабад ұжымшарында (қазіргі Мольке Шойман ауылы) балалық шағымыз бірге өтті. Мол сулы Шәуілдір каналының (оманарықтың) бойында орналасқан ауылдың шеткерірек тұсында екі үй көрші тұрдық. Айтахан атамның және біздің үй. Тетелес ойын баласы үшеуміз ғана. Ол үйден, шаңырақтың кенжесі, алдындағы екі әпкесіне еркелеп өскен, соларға еріп бес жа-

сында-ақ мектеп табалдырығын аттаған – Қуаныш, біздің үйден – ағам Есіркеп және мен. Екеуі сыныптас. Мен олардан бір сынып төмен оқимын. Үйімізден 400-500 қадамдай жердегі «Кеңес» жетіжылдық мектебіне бірге барамыз. Сабақтан тыс уақытта да ажырамаймыз, құлын-тайдай тебісіп бірге ойнаймыз.

Есімде қалғаны, үшінші-төртінші сыныптардың өзінен-ақ кітап оқуға құмартаңымыз. Бұған, шамасы, сол жылдарда қазақша шығармалардың көптеп жарық көргенінің де әсері тиген болуы керек. Қазір ойлап отырсам, солардың талайы шалғайдағы Шәуілдір ауданының шағын жетіжылдық мектебінің кітапханасына да молынан келіп жатыпты. Демек ол кезде мектептерді әдеби кітаппен қамтамасыз ету жағы қатты қадағаланған болуы керек. Әйтеуір, біз жетіншіні бітіргенше, қазақтың көрнекті жазушыларының сол жылдарда жарық көрген барлық дерлік кітабын оқып шықтық. Оған қоса әлем класси-

касының ең сүбелі туындыларының да сол кезде қазақшаға молынан аударылған кезеңі екен ғой. Әйтеуір, Пушкин, Лермонтов, Гогольдің том-том шығармаларын, Тургеневтің «Әкелер мен балалар», «Дворян ұясы», Толстойдың «Анна Каренина», «Арылу», Шолоховтың төрт томдық «Тынық Дон» романдарын және басқа да аударма кітаптарды жетіншіні бітірмей жатып-ақ оқып тастағанымыз есте.

Әдебиетке деген осы құмарлықтың өрісі, Қуаныш жетіжылдық мектепті үздік бітіргеннен кейін, сегізінші сыныпты Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласында қызмет істейтін үлкен бөлесінің үйіне барып оқыған, бір жылдан кейін Жамбыл зоотехникалық-мал дәрігерлік техникумына түскен кезінде одан әрі кеңейе түсті. Қала кітапханаларының мол мүмкіндігін ол жазғы каникулда ауылға келген кездерінде де байқап жататынбыз. Ауыл баласының қолы жете бермейтін неше түрлі кітаптарды оқығанын айтатын. Демалыста жүргенде аудандық газетте хабар-ошары да шығып тұрды. Әңгіме жазуға талпыныс жасады. Журналистік мамандыққа кәдімгідей құмарты. Әйткенмен, ол оқу бітірген жылы: «техникумды үздік бітірген тулек, жоғары оқу орнына емтихан тапсырғанда, негізгі пәннен бес алса, оқуға бірден қабылданады», деген ереженің шығуы оны сол салаға түбегейлі бұрып әкетті. Оның мамандығы бойынша негізгі болып есептелетін химия пәні, Қуаныштың ең жақсы үлгерген сабағының бірі еді. Ол анау-мынау емес, бірден Мәскеудегі Скрябин атындағы атақты ветеринария академиясына түскенді қалайды. Сол кезде 71 жастағы әкесі Айтахан ақсақал да ұлының бұл ниетіне қарсы келмеген. «Балам, әрі қарай оқығың келсе талабыңды қайтармаймын. Әлі күш-қуатым бар ғой, маған қарайлама», деп, жалғыз биесін сатып, баласын жер түбіндегі Мәскеуге ақ батасын беріп аттандырып салады.

Ветеринария академиясына 1965 жылы алғашқы сабақтан бес алып бірден түсіп кеткен ол, осы шоқтықты білім ордасында да әдеттегісінше үздік оқыды. Алғыр жігіт қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысып, академиядағы жастар одағы комитетінің бюро мүшесі, идеология саласы және шетел студенттерімен жұмыс істейтін секторға басшылық жасады. Өздерінің алдарындағы әйгілі «Жас тұлпар» ұйымының ісін жалғастырған, қазақстандық студенттердің «Арман» ұйымын құруға атсалысты. Қазақ студенттері бас қосқан нешеме жиындарда баяндамалар жасады. Әлбетте, ондай жиындарда қазақ ұлты мен тілінің сол кездегі жағдайы, оның келешегіне қатысты мәселелер де қызу қозғалып жататын. Жазу-сызуға деген қызығушылығы да осы жерде одан әрі өрістеді. Қазақстандық басылымдарды жаздырып алып, әуелден жақсы көретін «Лениншіл жас» газетіне жастар тақырыбына, өздері атқарып жатқан бастамаларға қатысты мақалалар жазып тұрды. Жастардың жалынды жетекшісі, 1925 жылы Мәскеуде қайтыс болған аяулы тұлға Фани Мұратбаевтың жерленген орнын анықтау, оның басына ескерткіш орнату мәселесін көтеру барысында, азаматтық, қайраткерлік шыңдалудың алғашқы сатыларынан өтті.

Жұмыс бабымызға байланысты біз әр жақта қызмет еткендіктен, бір-бірімізді өте сирек көретінбіз. Алайда басшылық жұмыстарға жастайынан жегілген (өзі айтқандай 25 жасынан бюроға түскен) Қуаныш Айтаханұлының әр өңірде атқарып жатқан игілікті істері туралы үнемі хабардар болып отырдық. Академияны 1970 жылы үздік бітірген ол, еңбек жолын әуелі Алғабас (қазіргі Бәйдібек) ауданындағы XXII партсъезд атындағы кеңшардың бас мал дәрігерлігінен бастады. 1973 жылы наурызда Шымкент облыстық партия комитетіне нұсқаушы, сол жылдың маусым айында Шымкент облыстық комсомол комитетінің II хатшысы болып сайланды. 28 жасында қазіргі Қазығұрт ауданында партия комитетінің екінші хатшысы болып тағайындалды, 30 жасында Шардара аудандық атқару комитетінің төрағасы (Д.Қонаевтың оған айтқанындай, «республикадағы ең жас төраға») болып бекіді. Одан кейін өзіне бұрыннан көзтаныс Қазығұртқа атқару комитетінің төрағасы болып қайта оралды. Қай жерде де өзінің іскерлігімен, біліктілігімен, экономикалық тұрғыдағы ілкімді бастамаларымен танылғанын сырттай естіп жаттық. Оған сырттай марқайып, мақтанып жүрдік.

1988 жылы күзде Арыс қаласы мен Ордабасы ауданы (Бөген) біріктірілген кезде Қ.Айтаханов екі партия комитетін біріктірген ауылдық зонасы бар Арыс қалалық партия комитетінің 1-хатшысы болып сайланды. 1991 жылы Коммунистік партия тараған кезде ол Арыс қалалық кеңесінің төрағасы, Арыс қаласының бірінші әкімі болып қызмет атқарды. Арыс – бұрыннан тоғыз жолдың торабында тұрған теміржолшылар қаласы, кеңес одағы кезінде Мәскеудегі Жол қатынастары министрлігі аясындағы маңызды стансалардың бірі. Қуанышқа дейін ауданда, қала да болған талай жылда, Арысқа бірінші басшы қазақ ұлтынан еш тағайындалмаған екен. Соған орай барлық іс қағаздарын, идеологиялық жұмысты

орысша жүргізу дағдыға еніп кетіпті. Қуаныш бірден концерттер мен ойын-сауықтарды қазақша жүргізу, айтыс, термешілер жарысын өткізу, Наурыз мейрамын тойлау, ақын-жазушылармен, әншілермен кездесулер, жас таланттарды қолдау сияқты шараларды ұйымдастыруға бастамашы болды. Ел басқарудың қазақы рәсімі қайта жаңғыртылды. Билер кеңесі, ауыл биі, төбе би сияқты жүйелер енгізілді.

Қуаныштың ерен іскерлігі Созақ ауданының әкімі болған 1994-1999 жылдары ерекше танылғаны белгілі. Сол жылы Созақ өңірінде қыс ерте түсіп, қалың қардың аяғы қатты аязға ұласып, жолдың бәрі жабылып, ел нағыз «ақ сирақ» жтқа ұрынудың аз-ақ алдында тұрды. Дәл осындай қысылтаяң шақ алқымнан алған – 1994 жылдың қақаған қаңтарында облыс әкімшілігі ауданды тек Айтаханұлы ғана құтқара алады деп шешіп, оны Созаққа әкім етіп тағайындайды. Тәуекелге бел буып ауданға барса, жағдай ол ойлағаннан да ауыр. Кеңшарлар арасында қатынас тыйылған, қар басып қалған жолды тазалайтын техника жоқ. Тікшәкпен ауылдарды, мал отарларын аралағанда, ел ахуалының тіптен қиын екенін, жем-шөптің аз күнде бітетінін, отын, ұн, жанар-жағармайдың түгесілуге шақ тұрғанын көреді. Мал да қырыла бастапты.

Ол ауданда дереу төтенше жағдай жариялап, ауыр ахуалды облыс әкімшілігіне, Премьер-Министрге жеделхатпен хабарлап, жем-шөп, отын, азық-түліктен шұғыл жәрдем бермесе болмайтынын жеткізеді. Ауыл шаруашылығы министрлігінен арнайы комиссия шақыртып, республикалық штаб құрғызады. Сол әбжіл әрекеттің арқасында республиканың бес облысынан жем, екі облысынан шөп жеткізу, мемлекет тарапынан жанар-жағармай, көмір, ұн беру мәселесі тез арада шешіледі. Олардың барлығы да іле-шала эшелон-эшелон болып келе бастады. Қаратаудың асуы, Шымкенттен келетін жол жабық болғандықтан, бәрі Жаңатас арқылы Таукентке дейін жеткізіліп, шаруашылықтар оларды сол жерден жолды қардан аршитын арнайы шақырылған қуатты техникалардың көмегімен тәулік бойы тыным таппай өз отарларына тасуға кіріседі. Солардың бәрін қақаған қыстың сұрапыл суығын елеместен, талай күн үй бетін көрмей, қолынан рациясы түспеген Қуаныштың өзі тікелей бақылап жүріпті. Осы шалт шешім, кесек қимылдың арқасында ауданның енді қырылғалы тұрған алты жүз мың малының төрт жүз алпыс мыңы аман қалыпты. Созақ елі оны бірауыздан: «бұл Құдайдың бізге жіберген құтқарушысы шығар», деп қабылдапты...

Қуаныш Айтаханұлының 1999-2003 жылдары Сайрам ауданына әкім боп тағайындалғаннан кейін атқарған қайраткерлік қимылы да жұрт аузында. Мұнда да ерекше ұйымдастырушылығымен танылған ол, салық түсімін молайту тетіктерін табу, шағын кәсіпкерлікті дамыту арқасында төрт жылда аудан бюджетінің кірісін 1 млрд теңгеден, 4 млрд-қа дейін өсірді.

Сайрам – тарихы терең, қордалы өңір. Әлгінде айтылған қазақтың Дала Парламенті атанған Мәртебе де осында. Дегенмен бұрынғы кеңес заманындағы қазақ тіліне деген салқынқабак табының мұнда әлі де көрініс тау-

ып отырғаны жаңа әкімнің назарына бірден ілігеді. Тәуелсіздіктен кейін орыс тілінің ықпалы азая бастағанымен, аудан халқының жартысынан астамын өзбек халқы құрайды деген сылтаумен өзбек тіліне басымдылық беріліп келіпті. Қуаныштың бастамасымен, алғашқы қадам ретінде, өзбек жұртымен қоян-қолтық түсінік жұмыстарын жүргізу қолға алынды. Өз тағдырын Қазақстанмен байланыстырғысы келетін жас ұрпақ үшін қазақ тілінің болашағы зор екендігі, бұрынғы кезде орыс тілі қандай керек болса, келешекте қазақ тілі де сондай қажет болатыны ұғындырылды. Осы бастан өзбек тілімен қатар қазақ тілін де меңгеру үшін, балаларыңызды қазақ мектептеріне берсеңіздер, ұтылмайсыздар, ертеңгі күні Қазақстандағы жоғары оқу орнына түсуге де оңай болады, деген түсінік қалыптастырыла бастады. Мемлекеттік тілді насихаттайтын әртүрлі байқау, «Туған жерге тағзым» сияқты тәрбиелік мәні зор акция, «Сайрам таланттары» атты халық өнері фестивалдері ұйымдастырылды. Сайрамның орталық алаңына Абылай ханның көрнекті ескерткіші орнатылды. Біртіндеп қазақ тілінің мәртебесі де өз қалпына келе бастады. Мәртебе туристер баратын орынға айналды.

Сайрамнан кейін өзінің туған жері – Отырар ауданында 2003 жылдың қарашасынан бастап, аттай екі жыл әкім болып істеген кезінде де Қуаныш халық қамын ойлайтын жарқын істердің төрінен табылды. Сортаңданып, тұздана бастаған суармалы жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. 2004-2007 жылдарға арналған «Көне Отырардың қайта дамуы» атты бағдарлама жасалып, оған тиісті қаржыны бөлдірту арқасында ұзындығы 42 шақырымдық Кенжәлиев каналдары бетонмен қапталды. Тұзды су деңгейін төмендететін арнайы су қашыртқылары қазылды.

Қашанғы әдетінше, халықтың рухани дамуына қатысты мәселелерді де назардан тыс қалдырған жоқ. Әл-Фараби сынды тұлғалар дүниеге келген ұлылар мекені – Отырар өңірінің тарихы тым тереңде. Ауданда әйгілі Арыстанбаб кесенесі, ежелгі Отырардың археологиялық орны бар, ол шаһармен қатар ғұмыр кешкен, бүгінде төбе-төбе күйінде көрініс беретін қаншама қанаттас қалалардың сілемдері де жетерлік. Ол халықаралық туризмді өркендетуге қолайлы мекен. Демек Отырарға келген әрбір адам ең әуелі өңірдің осы ерекшелігін бірден сезінгені жөн емес пе. Соған орай аудан орталығы Шәуілдірдегі орталық алаң қайта күрделі жөндеуден өткізіліп, ол «Отырар даңқы» тарихи-танымдық көшніне айналдырылды. Алаңдағы «Даңқты бабалар» саяжолында Әл-Фараби, Арыстанбабтан бастап, Фарабта туған Отырардың 31 даңқты перзентінің есімі алтынмен апталып жазылды. Тура ортасында Фарабидің биіктігі 17 метрлік қола ескерткіші орнатылды. Осы ретте Айтаханұлының бастамасымен 2005 жылы ұлылар мекенінің тарихын жан-жақты зерделеген «Отырар» энциклопедиясы жарық көргенін де айта кетер едік. Оған қоса «Шежірелі Отырар», «Отырар жәдігерлері» тарихи-танымдық кітаптар шығарылды.

Әлгінде Қуаныштың әуелден әдебиетке, жазуға жақын екендігін сөз еттік қой. Ол 2005-2017 жылдар аралығында Сенат депутаты болған кездерінде сол қабілеті әрі

қарай ашылды. Сенат мінбесінен қоғамның сан алуан саласына қатысты ойларын, өткір депутаттық сауалдарды жолдай жүріп, көкірегінде қоздаған ойларын қағаз бетіне түсірді. «Ел мерейі жолында» (2010 ж.), «Сөз сұраймын» (2011 ж.), «Азамат ажары» (2014 ж.), «Елге қызмет – ең басты міндет» (2015 ж.), «Қызмет еттім халқыма» (2017), «Өмір белестері» (2017 ж.) атты кітаптарын дүниеге әкелді. Одан кейін де 2020 жылы «Мерей», «Сол бір жылдар» деген атпен көлемді қос томдығы жарық көрді.

Скрябин атындағы атақты академиядан терең білім алған Қуаныштың ғылым әлемінде де өз соқпағы бар. Ол 1995 жылдан ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты, 2008 жылдан экономика ғылымдарының докторы. 2010 жылдан – Қазақ Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, Қазақ Ұлттық ғылым академиясының құрметті мүшесі. 2008-2010 жылдары С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын ғылыми кеңесінің мүшесі. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің құрметті профессоры.

Қуаныш Айтаханұлы зайыбы Айман Мағзиқызы (Ветеринария академиясында өзінен бір курс кейін оқыған керекүлік ару) екеуі үш ұл-қыз және бірнеше немере тәрбиелеп отырған үлгілі отбасы. Қызы Айгүл – тұрмыста, дәрігер. 4 перзенттің анасы. Үлкен ұлы Ерлан – Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген, экономист, экономика ғылымдарының кандидаты. Отырар ауданының әкімі, Шымкент қаласының әкімі қызметтерін атқарған. Екінші ұлы Нұрлан – заңгер, Англия құқығын жетік білетін маман, Лондон қаласында халықаралық құқық компаниясында жұмыс істейді. Немерелерінің алды университет бітірген, мектептерде оқиды, бала-бақшаларда тәрбиеленіп жүр. Балалары ата-анасының қазақы тәрбие ғибратына, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет өнегесіне, ана тілінің тылсым тәліміне қалай қанығып өссе, немерелері де сол мәйекті үлгі жолын жалғастырып келеді...

Өзіне де, өзгеге де принциптік талап қоя білетін, Тәуелсіз Қазақстанның гүлденуі мен өркендеуіне өз үлесін қосуы арқылы халықтың ыстық ықыласы мен құрметіне бөленген білікті де білімді азамат Қуаныш Айтаханұлы әлі де қоғам өміріне белсене араласудан қол үзген жоқ. Осындайда алдағы күндері жетпіс бес жасты еңсергелі отырған замандасымыздың өмір жолын, тынымсыз болмыс-бітімін байыптағанда, өзі студент кезінде Мәскеуден мақалалар жолдап тұрған, өзіміз де талай жыл қызмет еткен жастар газетінде танымал болған «Маздақ» айдары еске түсер еді. Ол айдар аясында негізінен алға қойған мақсаттарын орындау үшін, қабілеті мен қарымын мейлінше аямай жұмсайтын, ылғи да алға ұмтылуға, маздай жанып жүруге бейіл жандар туралы дүниелер жарияланатын. Сөзіміздің басында тілге тиек етілген, абыз қаламгер Әбіш Кекілбайұлының Қуаныш туралы «Маздай тұс, шамшырақ!» деген ақжарма пікірі де осы мағынаны меңзейді. Соған орай мақаламыздың атын «Маздақ» деп қойғанды мақұл көрдік.

Жарылқап БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»
газетінен.

Зайырлы ғылым және дін қатынастары

Біз өмір сүріп жатқан технологиялық ғасыр, ақпараттық-коммуникациялық төңкеріс ғасыры дейміз, сондай-ақ спутниктер, бағдарламалар және жаһандану ғасыры немесе ғаламтор дәуірі деп әртүрлі атаулар берудеміз. Бұл дәуірдің өткен ғасырлардан мүлде ерекше екендігі айдан анық.

Сонау VIII-XIV ғасырларда араб елдерімен қатар, Ислам діні тараған басқа да аймақтарда философия, медицина, эстетика, математика, астрономия тәрізді көптеген ғылым салалары қауырт дамығаны тарихтан белгілі. Бұл құбылыс «Ислам Ренессансы» деген атауға ие болған еді. Осынау орта ғасырларда ғылымның ерекше дамуына Шығыстың, араб елдерінің, оның ішінде Орта Азия ғалымдары әл-Фарабидің, Әбу Әли ибн Синаның, Әбу Рушдтың, Бирунидің, Махмұт Қашқаридың, Жүйнекидің және тағы да басқа ғұламалардың сіңірген еңбегі өте ерекше екенін атап өткен жөн. Кезінде Ислам шығысы әлемнің түкпір-түкпірінен білім алғысы келетіндер жиналған әлемдік ғылымның орталығы болғанын бәрі біледі. Осылайша мұсылмандар ғылымның барлық саласын жоғары деңгейде дамытып, өркениеттің дамуына барынша үлес қосты. Діни ғылымдар мен басқа ғылымдар үйлесімділік тапты. Білім-ғылымның арқасында мұсылман елдері әлемдегі ең күшті мемлекетке айналды.

Сонымен, бүгінгі таңда мұсылмандар елдерінің артта қалуының себебі неде? Осыған байланысты бүгінгі ғылыми еңбектер мен баспасөз беттеріндегі мақалаларға назар аударсақ. Біріншіден, XIV ғасырдан бастап Ислам ғылымының құлдырауы кезеңі басталды, ал бұлай болуына тарихшылар әртүрлі болжам жасаған. XIV ғасырдан кейін Ислам ғылымының көптеген еңбектері латын тіліне аударылып, жалғасын Батыс Еуропа елдерінде тапты. Олардың ішінде музыка, философия, оптика, геометрия, астрономия, медицина туралы ілімдері кең тараған еді.

Екіншіден, Ислам діні ғылымды екіге бөлді. «Діни (шариғат) ғылым және дүниелік (зайырлы) ғылым» деп нақты айырып келген. Осы уақытқа дейін Ислам елдері діни білімдерге басымдық беріп, зайырлы ғылымдарды шектеді. Бұл мәселені мұсылман ғұламалардың еңбектеріндегі пікірлерді зерттеген адам ғылымдарды екіге бөлетінін көреді: шариғаттық ілімдер – тафсир, хадис, фикһ, т.б. Шариғаттық емес ілімдер – философия, оптика, геометрия, астрономия, медицина, т.б. жай ғана оқуға көмекші құрал ретінде қарастырылды. Сонымен қатар олардың арасында дәреже, құндылық және артықшылық жағынан үлкен айырмашылық беріп келген.

Үшіншіден, XXI-ғасырдағы ғылыми-техникалық прогрестегі артта қалудың ауқымын нақты түсіну үшін төменде көрсетілген дамыған мемлекеттердің ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (бұдан кейін F3TKЖ) жыл сайын қанша қаражат жұмсағанынан аңғаруға болады. Мысалы: АҚШ-476,5 млрд. доллар, Жапония-170,5 млрд. доллар, Қытай-370,6 млрд. доллар, Германия-

109,8 млрд. доллар, Оңтүстік Корея-73,2 млрд. доллар, Франция- 60,8 млрд. доллар.

Енді өздерін ислам өркениетінің негізгі дамыған мемлекеттері ретінде көрсететін алты жетекші мұсылман мемлекеттері (Түркия, Мысыр, БАЭ, Пәкістан, Индонезия, Иран) F3TKЖ-на жалпы алғанда жылына 42,7 миллиард долларға жуық қаражат жұмсағаны, Оңтүстік Кореяның өзі F3TKЖ-на 73,2 млрд доллар жұмсайды екен.

Сондай-ақ, Батыс және Азия ғалымдары Венера, Марс планеталарының жер қыртысы мен климатын соңғы ровермен (планета бетінде қозғалатын марсаход) ұзақ уақыттан бері зерттеп жатқанда, кейбір мұсылман елдерінде әлі күнге дейін Жердің тегіс немесе шар тәрізді екеніне байланысты бітпейтін дау-дамай жүргізілуде. Сонымен қатар, бұл пікір-таластар қарапайым мұсылмандар арасында ғана емес, қазіргі дін ғұламалары тарапынан да қызу талқылануда.

Ал қазіргі таңда, өкінішке орай мұсылмандардың шариғат ілімдеріне ғана көңіл бөліп, жаратылыстану ғылымдарын дамытуда кенже қалып жатқаны жасырын емес. Шариғат ілімдерін ғана оқып, әлемнің жаратылыс құпияларын ашатын жаратылыстану білімдеріне мән бермеу мұсылмандар үшін жат, әрі өте қатерлі. Ислам дінінің көркейіп дамуы үшін шариғи білімдер қаншалықты қажет болса, жаратылыстану ғылымдарынсыз оны жүзеге асыру тіптен мүмкін емес. Неге десеңіз ол екеуін бір-бірінен бөліп-жаруға болмайды.

Діни ғылым арқылы біз Жаратушыны танимыз, ғибадатты дұрыс жасау жолдарын үйренеміз. Бұған дінді және шариғатты зерттеуге қатысты барлық ілім салалары жатады. Мысалы Құран ілімдері, сүннет және хадис ілімдері, ақида, фикһ және оның негіздері, ахлақ, шариғатқа, дінге қатысты ғылымдар. Сонымен қатар, бұл бөлімге осы ғылымдарды үйрену үшін қолданылатын қосымша араб тілі мен әдебиеті, тарихт.б. секілді ғылым салалары да кіреді. Ал зайырлы ғылымдар дегеніміз адам өз өмірін жақсартуға, елін-жерін көркейтуге, қоршаған ортаны зерттеуге, ғаламды тануға арналған ғылымдарды жатқыза аламыз. Бұған медицина, геометрия, астрономия, химия, физика, география, биология, жер бетін және өсімдіктерді, жан-жануарларды зерттеуге арналған ғылым салалары жатады.

Бүгінгі таңда бұл екеуінің арасын бөліп тастау мұсылман мемлекеттерінің даму көшінен артта қалуына әкеліп соқтыруда. Орта ғасырларда Ислам діні осы зайырлы жаратылыстану секілді ғылымдар дамыған уақыттарда әлемді мойындатты, орта ғасырдың ең күшті дамыған мемлекеттеріне айналды, атақ-даңқтың шегіне жетті. Осы зайырлы ғылымдары дұрыс жолға қойылмай, зерттелмей қалған кездерде дамымай, артта қалды. Бұған тарихтың өзі куә. Сондықтан екі ғылымды да қатар алып жүру – адамзат баласының негізгі міндеті.

А.ДҮЙСЕН,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.



Жаңа Қазақстанның үміт артарлары

«BILIM-ORKENIETI» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мемлекетіміздегі білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оқытушыларының инновациялық әдістері мен шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, педагогтердің біліктілігін арттыруға, тәжірибе алмасуына ықпал етуге мамандандырылған орталық. Мұнда кәсіби жетік, креативті өз ісінің нағыз мамандары, жоғары квалификациялы, білікті мамандардан құралған команда қызмет атқарады.

Орталықтың мақсаты мемлекеттің білімі мен ғылымын, ұстаздардың инновациялық әдістері мен шығармашылық қабілеттерін шыңдау, педагогтердің біліктілігін арттыру және «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді стратегиясында алға қойылған мақсаттарға жету үшін, еліміздің білімі мен ғылымын, білім беру, тәрбие жобаларын қаржыландыру, жастар саясатын іске асыру, әсіресе дарынды, өнерлі, білімді жастардың үздік жобаларына қолдау көрсету арқылы Қазақстанның тұрақты дамуына үлес қосу болып табылады. Ал, міндеттері халықаралық, республикалық мәндегі қоғамдық іс-шараларды, соның ішінде ғылыми жобалар, олимпиадалар, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу, конкурстар, байқаулар, дөңгелек столдар, кездесулер, фестивалдар, жәрмеңкелер және тағы да басқа еліміздің білімі мен ғылымын жаңғырту бағытындағы маңызды іс-шараларды ұйымдастыру, педагогтердің инновациялық әдістері мен шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, ескелең ұрпақтың, жастарымыздың бойында тәуелсіз Қазақ еліне деген құрметті күшейту, оқушылардың бойында ұлттық, патриоттық санасын оята отырып, отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, оқушылардың, жасөспірімдердің зерттеушілік, ғылыми ойлау қабілеттерін дамыту.

Аталған орталық әрдайым түрлі жобалар, байқаулар, олимпиадалар ұйымдастырып отыратыны белгілі. Жуырда «Жаңа Қазақстанның үміт артарлары» атты Республикалық сайыс өткен болатын. Осы сайысқа еліміздің түкпір-түкпірінен көптеген оқушылар қатысты. Біздің ауданымыздан аталған сайысқа Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің 8 «Ә» сыныбының үздік

оқушысы Имамусаина Інжу Берікқызы қатысып, бағын сынап көрген еді. Аталған сайыста Інжудің бағы жанып, ағымдағы жылдың 1 қазаны күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялауына байланысты «Bilim Orkenietі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Елордамыз Астана қаласындағы Тәуелсіздік сарайында өткен «Қазақстанның үміт артарлары» атты форумна арнайы шақырту алып, «Қазақстанның үміт артарлары» төсбелгісімен және I дәрежелі республикалық дипломмен марапатталып қайтты. Бұл біздің аудан үшін үлкен жетістік, зор қуаныш деп білеміз. Имамусаина Інжу Берікқызы – 2008 жылы 19 шілдеде Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 2014 жылы аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің табалдырығын аттап, қазіргі таңда аталған білім ордасында 8 сыныпта оқып жүр.

Инжу болашақта білікті дәрігер болуды армандайды. Мектепте Інжу 2015 жылдан қазіргі таңға дейін жыл сайын оқу жылы қорытындысы бойынша үздік оқығаны, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласқаны үшін және де үлгілі тәртібі үшін түрлі мақтау қағаздарымен марапатталып келеді.

Мұнан бөлек, 2016 жылы «Жас ғалым – жастар» қоғамдық бірлестігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өткізген «Самұрық» математикалық зияткерлік сайысында жүлделі II-орын, 2017 жылы Ресей Федерациясының «Золотое Руно» қоғамдық бірлестігінің «19 ғасыр: Ресейдің жаңа уақыты» тақырыбында өткізілген халықаралық



ойын конкурсының «әлемдік мәдениеттің тарихы» бағдарламасы бойынша I-орын алып, республикалық ұйымдастыру комитетінің арнайы дипломымен, 2018 жылы Республикалық дәстүрлі интернет олимпиада сайтының «қазақ тілі» және «математика» пәндерінен ұйымдастырылған онлайн олимпиадасында жеңімпаз атанып, ұйымдастырушылар тарапынан I дәрежелі дипломмен марапатталған. Қазіргі уақытта өз білімін шыңдау мақсатында «Елбасы медалі» жобасына қатысып, қола медальді қорғау жұмыстарын жүргізуде.

Инжу Берікқызының болашақта елімізді дамытуға қосар үлесі мол болады деп сенеміз. Інжудің алғырлығы мен зеректігі көп оқушыға үлгі.

Алдағы уақытта да алар асуларың көп болып, шығар шыңдарың биік болсын демекпіз!

Нүрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

Құттықтау!

Күміс күлкі жүзіңізден
арылмасын

«Қазсушар» РМК ТФ Созақ өндірістік бөлімшесінің ұжымы осы мекеменің басшысы Қанат Қайратұлының 13 қараша күні болатын туған күнімен шын жүректен құттықтайды.

Құрметті Қанат Қайратұлы, Сізді жеке мерекеніңізбен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, жұмысыңызға табыс тілейміз! Әрдайым шығар шыңдарыңыз бен алар асуларыңыз көп болсын!

Күміс күлкі жүзіңізден арылмасын,

**Болсын дейміз әрдайым бағыңыз басым.
Отбасыңызға тілейміз біз амандық,
Жаратқан дәйім Сізді жарылқасын.**

**Ізгі ниетпен құттықтаушылар: «Қазсушар» РМК ТФ
Созақ өндірістік бөлімшесінің ұжымы.**

Жемқорлық-жегі құрт

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулатын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен

азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық азаматтардың азаматтық борышы деп білуіміз керек.

**Бақдәулет ЖҰПАРБАЙ,
Созақ аудандық сотының мұрағат меңгерушісі.**

Созақ ауданы әкімі, аудандық мәслихат, аудандық ардагерлер кеңесі, аудандық қоғамдық кеңес Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник Манапов Ерланға анасы

Раушанның

қайтыс болуына байланысты марқамның отбасына қайғыларына ортақтаса отырып, көңіл айтады.

Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің ұжымы Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник Манапов Ерланға анасы

Раушанның

қайтыс болуына байланысты марқамның отбасына қайғыларына ортақтаса отырып, көңіл айтады.

Хабарландыру

«Инкай» БК ЖШС – 2022 жылдың 19 желтоқсан күні, сағат 11.00-де, Түркістан облысы Созақ ауданы, Тайқонырауылының мәдениет үйінде ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды. Жиналыс тақырыбы - «Түркістан облысындағы Инкай уран кен орнының № 1 учаскесінде бағалау бойынша барлау жұмыстарының жоспары» «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша. Жобалық құжаттама бойынша Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО Түркістан облысының ТРЖТІРБ <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru> сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru> поштасына қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және карантин енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО сайтында ұсынылады. <https://us04wed.zoom.us/j/5256986928?pwd-aGN6UWpTcTV2dHBvblF5Y2RGUllEUT09>

Конференция идентификаторы: 525 698 6928 Қосылу коды: 123456.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады 8(727) 376-60-62, «Два Кей» ЖШС.

Объявления

ТОО СП «Инкай», сообщает, что 19 декабря 2022 года в 11:00 по адресу Туркестанская область, Сузакский район, Кыземшекская п.а., п.Тайқоныр, в здании «Дома Культуры» состоится общественные слушания в форме открытого собрания по Разделу охраны окружающей среды к проекту «Проект разработки Участка № 1 уранового месторождения Инкай в Созакском районе Туркестанской области». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на сайте МИО «УПР и РП Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru>, а также по e-mail info@2k.kz. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, слушания проводятся в онлайн режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале, а также на сайте МИО.

<https://us04wed.zoom.us/j/5256986928?pwd-aGN6UWpTcTV2dHBvblF5Y2RGUllEUT09>

Идентификатор конференции: 525 698 6928 Код доступа: 123456

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам 8(727) 376-60-62, ТОО «Два Кей».

Отбасы Банкіндегі депозиттер бойынша өтемақы алуға өтініштерді қабылдау 2022 жылдың 1 қазанынан басталады

Бүгінгі таңда Түркістан қаласы бойынша клиенттерден 3853 өтінім қабылданды. Бұл адамдар міндетті түрде өтемақы алады.

Бүгінгі таңда көптеген мысалдар бар, клиенттер біздің банк арқылы несие рәсімдеген болса да, олар да өтемақы ала алады, кейбір клиенттер бойынша өтемақы 1 800 000 теңге сомасында есептелетін жағдай болды, бұл қарыз сомасы осындай сомаға азайған кезде өтемақы жаңалық.

Өтемақы алуға өтініш берген барлық клиенттер түсетін соманы көріп, қуана таң қалды, өткені сіз тек бір өтініммен өз үлесіңізді +10%-ға арттырасыз деп айтуға болады.

Біз банкміздің барлық салымшыларымыз осы мүмкіндікті жіберіп алмауға және осын-

дай бонусты алуға шұғыл өтінім беруге шақырамыз.

-10% көлемінде өтемақы төленетін ең жоғарғы сома 20 млн теңгеге тең.

«Бекітілген ережеге сәйкес, өтемақы өтініш беру арқылы төлем келісімін растаған салымшыларға ғана төленеді. Клиенттерге ыңғайлы болу үшін біз бұл процесті онлайн режимінде жасадық. Өтініштерді 2022 жылдың 1 қазанынан бастап 2023 жылдың 1 қаңтарына қоса алғанда www.otbasybank.kz мекенжайы бойынша Баспана маркет жылжымайтын мүлік порталындағы жеке кабинетте беруге болады», - деп түсіндірді «Отбасы Банк» АҚ Түркістан облысы филиалының директоры Жайшаев Руслан Асылбекович.

Жақын туыстарға (тегін) тағайындалған салымдар,

сондай-ақ біріктірілген депозиттерге де өтемақы беріледі.

Өтемақы келесі депозиттер бойынша төленбейді:

-депозит жабылса;
-2022 жылдың 24 ақпанынан бастап 2023 жылдың 23 ақпанына дейінгі кезеңде (қоса алғанда) депозит бойынша тұрғын үй заеміне көшкен, оның ішінде автоматты түрде көшкен салымдар бойынша;

-онлайн табыстау арқылы сатылған немесе сатып алынған депозиттер бойынша.

Өтемақы салымшыларға 2023 жылдың 23 ақпанынан кейін, Отбасы Банкіге ақша түскен сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде депозиттерге аударылады. Өтемақы алу үшін бөлек шот ашудың қажеті жоқ.

Сыбайлас жемқорлық-қоғам дерті

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік

қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі-ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Бағдат СЕЙСЕМБАЕВ,
аудан әкімдігі құрылыс, сәулет және қала құрлысы бөлімінің бас маманы.**

Киелі поэзия әлемінде өзіндік үн, өзіндік сыр, өзіндік бояу, ажары бар, сырлы да нәзік өлеңдерімен оқырман қауымының ыстық ілтипатына бөленіп, сонымен қатар проза жанрында да қалам тербеп жүрген жергілікті ақын, жазушы, аудармашы Елнұр Қайратұлының «Күзге сыр» атты рухани әдеби-сазды қойылымы Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, "Мыңжылқы" мәдениет үйінде өтті.

*Қарт Қаратау қазыналы етегің,
Өткен күннен құлағыма жетеді үн.
Ұлы атыңды Шәмші қосқан әніне,
Теріскейім қасиетті мекенім.
Күйін толғап Сүгір, Жаппас*

*тартқан жер,
Төлегендер, Генералдар ақтангер.
Қарабура, Шашты Әзіз, Ысқақ баб,
Саңғыл билер мәңгі тыным тапқан*

жер» деп өзінің туған жеріне деген махаббатын жырға қосқан әдебиет айдынында өзіндік орынын қалыптастырып, оқырмандарға керемет туындыларын сыйлап жүрген ақын Елнұр Қайратұлының рухани әдеби-сазды қойылымы «Қасқыр ұлыған түн» сахналық қойылымымен ашылды. Тек өлең шығарумен ғана шектелмей қалың оқырманның ерекше ықыласына бөленіп, өз оң бағасын алып үлгерген «Қасқыр ұлыған түн» атты проза-сыз өмірде болған шынайы оқиғалардан бастау алған. Қазіргі таңда бұл проза монологшы Қуат Ахметжанның оқуымен әлеуметтік желіде 750 мыңнан аса қаралым жинаған. Прозада жолаушылардың жолда қалып, көліктерінің бұзылып, жүруге жарамсыз қалуынан басталған оқиға желісі ана мен бала арасындағы жүректі шымырлар азапқа толы сәттерімен жалғасады. Бұл оқиға жазушының өз өмірінен алынған. Шығармадағы «Ермек» атты кішкентай бала – автордың өзі болатын... Жазушының осынау прозасын драматургияға айналдырып, сахналаған Созақ халық театрының режиссері Рүстем Ерназаров халық қошеметіне бөленді.

Қойылым аяқтала, сахна төріне ақынның туған жері Жуантөбе ауылы



білов, Иранғайып сынды ақындар мен әншілер құттықтауларын жолдапты. *Ізін бас деп Мұқаңдай қаламгердің,
Титтей дарын адасып маған келдің.
Жүргенімде алаңсыз аманаттап
Қойын дәптер қолыма қалам бердің.
Қалдырсам деп артымда бірер өлең,
Айтылмаған сөздерді түгендегем.
Өз әлемім, өз жолым, жырларыммен.
Тәуекелмен қашанда түрегелем.* деп ақын поэзия әлемінде қалам тербеп, ішкі толғаныстары мен бұлқыныстарын тың туындыларын жарыққа шығарып келеді. Ақынның туған жеріне деген ыстық махаббатына арқау болған өлеңдерінен жинақталған әдеби композицияны мәдениет үйінің қызметкерлері Әлжанов Еркебұлан, Созақбай Талғат, Орынбасарұлы Бағлан, Шамшидин Диана, Төлбай Әбілқасым нақышына келтіре орындап шықса, кітапханашы Балнұр Жұмабаева мен Төлбай Әбілқасым «Ғашықтық сыры» атты қос ғашықтың бір-біріне деген сезімін ақындайтын жыр шумағын ұсынды.

Табиғатпен сырласу

де ішкі жан дүниеге шынайы бір сезім сыйлайтынындай көрсете білген жыр шумақтарын әсем әнге ұластырғандай. Елнұр Қайратұлының сөзіне жазылған сазгер Гүлжанат Мұхамеджанның «Сағыныш» әнін «Жігіттер» тобының әншісі «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері, кештің қадірлі қонағы Ердоқ Қанаев нақышына келтіре орындап, осы әнге арнайы түсірілген (клип) бейнебаян көрермен назарына ұсынылды.

Рухани әдеби-сазды қойылымда жылы лебіздерін білдіру үшін ақын, жазушы, халықаралық ақындар айты-

*Бұл өмірдің балаған ғажабына.
Тентектігі болсада, былығы да
Ренжи алмай жүресің құлыныңа.*

*Бұл өмірде жетпейді-ау еркелеп бір,
Шаршағанды басатын қылығына-
деп ақынның «СӘБИ ҮНІ» атты жаңа туындысын Созақбай Талғат әсем қоңыр дауысымен орындап, көрерменнің ыстық ілтипатына бөленді.*

- «Өлең шығару – ең әуелі қажырлы еңбек. Азапты, жүйкеге салмақ салатын жұмыс. Оңашалануды және тыныштықты сүйеді. Егер мен ондай толғақ үстінде жарым жолда тоқтай қалсам, кейін онда ой соңынан қуалау

Өнердің жібін өріп тілдескен, жаны әуенмен жағалай үндескен, әуенді жанының серігі етіп, музыка әлеміне бой алдырып, «Жауапсыз махаббат» атты лирикалық әні мен «Ұстазға арнау» әндері сазгердің Гүлжанат Мұхамеджанның орындауында шырқалды.

Рухани әдеби-сазды қойылым соңы ақынның күзгі табиғатпен сырласу бағытында өмірге келген әнші Ердоқ Қанаев пен Гүлжанат Мұхамеджанның орындауында «Күзге сыр» атты әсем әнімен аяқталды.

Көрерменнің сөзайымына айналған рухани әдеби-сазды қойылым үлкен



жайлы жазылған «Мен қайданмын?!» атты өлеңін мәдениет қызметкері Төлбай Әбілқасым нақышына келтіре оқып, көрерменнің назарына Елнұр Қайратұлына арналған бейнебаян көрсетілді.

Ақын, жазушы, аудармашы Елнұр Қайратұлының шығармашылығына арналған рухани әдеби-сазды қойылымды аудан әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек Әбілдахлы сөз сөйлеп ашып, Елнұр Қайратұлына аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының атынан құттықтау хат табыстады.

Осынау бір күз мезгілінің сағынышты күндерін боямыз жеткізе білген ақын, күздің кереметі сағынышқа толы жүректі жұлып алып, әуеде әуелете ән салдырып, көңіліңді күңгірентсе

сының жүлдегері, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан Жазушылар одағының мүшесі Бөрібай Оразымбет және ақынның ұжымдастары атынан «Қазатомпром - SaUran» ЖШС-нің «Қанжуған» кенішінің басшысы Асхар Айтжанұлына сөз берілді. Ыстық ықыластарын жеткізіп, ақынға сый-сияпат жасалды.

Ақынның махаббат тақырыбында жазылған әсем әніне кезек беріліп «Мыңжылқы» мәдениет үйінің әншілері Айдоқ Әлқуат, Шамшидин Диана ақын Елнұр Қайратұлының сөзіне жазылған сазгер Айзада Бекенқызының «Гүл сезім» әнін көрермен назарына ұсынды.

*Теңеп айтқан дәлірек қазағым да,
Балалы үй демейме базарлы да.
Торсық шеке дүниеге саби келсе,*



маған қиын. Алғашқы құмарлықтан ажырап қалам. Өлең деген құдіретті сезіну үшін көп ізденіп, сол өлеңнің табиғатын ашу үшін, жұдырықтай жүректі де тыңдай білу керек» деп ақын Елнұр Қайратұлы өзі жайлы сыр шертен болатын. Иә, табиғаты хян, адами қасиеті жоғары, қарапайымдылық бейнесімен қандай ортада болса да тіл табыса білетін ақын, өмірде өнерін түсіне білетін өнер жолында жүрген бірнеше шығармашыл жандармен байланыс орнатып, соңы достықпен ұласқан екен. Сол достық сезіммен ақынға деген үлкен құрметтерін бейнебаян арқылы Алматы қаласынан Борсабаев Сыздық Ергентайұлы, Байғали Есенәлиев, Дулыға Ақмолда, Салтанат Айбергенова, Сәкен Майғазиев, Кенжебек Жанә-

қошеметке ие болды. «Мыңжылқы» мәдениет үйінің бірінші қабатынан бастап күз бояуымен әсем безендірілген фойеде ақынға арнап аудандық орталық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің ұйымдастыруымен «Сағыныш деген сары күз», «Жемісті, жеңісті жылдарым», «Қасқыр ұлыған түн», «Өз әлемім, өз жолым жырларыммен» төрт бөлімнен тұратын кең көлемде «Күзге сыр» атты тақырыпта көрме мен кітап инсталляциялары жасалып, оқырманның назарына ұсынылды.

Эльмира БЕЙСЕХУЛОВА,
аудандық орталық кітапхананың «Оқырмандарға қызмет көрсету» бөлімінің басшысы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.